45 ж ы л

Шырайлы шаһар –

СӘТБАЕВ

«Кәусар» баспасы
Астана – 2018

Қаланың қысқаша тарихы


Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1973 жылғы 20 наурыздағы №1575-VIII Жарлығы бойынша Қазақ КСР құрамындағы Жезқазған облысы құрылды. Бұл облысқа Қарағанды облысының Никольский кенті кірді.

Жезқазған облысы Жезқазған қалалық кеңесінің Никольский қалатиптес кенті Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1973 жылдың 24 қаңтарындағы №2372-VIII Жарлығы негізінде облысқа бағынатын Никольский қаласы болып өзгертілді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылдың 13 қыркүйегіндегі № 251-XII Қаулысы бойынша Үлкен Жезқазған құрылысын алғаш ашқан академик Қ.И. Сәтбаевтың құрметіне Никольский қаласының атауы Сәтбаев қаласы болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1992 жылғы 8 қыркүйектегі №1613-XII Қаулысы бойынша ұлттық топонимиканың жандануы, бұрынғы тарихи-географиялық атауының әкімшілік-аумақтық бірліктің жаңаруы, қазақ топонимінің орыс тіліндегі транскрипцияларын азайту, жергілікті Халық депутаттары кеңесінің ұсыныстары және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссияның тұжырымдаулары бойынша атауларды орыс тіліне транскрипциялау жүргізілді: Джезказган қаласы Жезқазған қаласы, Джезказган облысы Жезқазған облысына өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық жайластыруды жетілдіру мақсатында шаралар қолдану туралы» 1997 жылдың 3 мамырындағы Жарлығы бойынша Жезқазған облысы Қарағанды облысының құрамына кірді.



Краткая история города

Указом Президиума Верховного Совета КазССР №1575-VIII от 20 марта 1973 года в составе КазССР образована Джезказганская область, в которую вошел поселок Никольский Карагандинской области.

Городской поселок Никольский Джезказганского горсовета Джезказганской области преобразован в город Никольский областного подчинения на основании Указа Президиума Верховного Совета Казахской ССР от 24 декабря 1973 года за № 2372-VIII.

Постановлением Верховного Совета Казахской ССР за № 251-XII от 13.09.90 г. в честь первооткрывателя Большого Жезказгана, академика К.И. Сатпаева город Никольский переименован в город Сатпаев.

Постановлением Президиума Верховного Совета Республики Казахстан № 1613-XII от 8 сентября 1992 года в целях возрождения национальной топонимики, восстановления исконных историко-географических наименований административно-территориальных единиц, упорядочения транскрибирования казахских топонимов на русский язык, в соответствии с представлениями местных Советов народных депутатов и на основании заключения Государственной ономастической комиссии при Кабинете Министров Республики Казахстан транскрибированы на русском языке наименования: город Джезказган как Жезказган; Джезказганская область как Жезказганская.

Указом Президента Республики Казахстан от 03 мая 1997 года «О дальнейших мерах по совершенствованию административно-территориального устройства Республики Казахстан» Жезказганская область включена в состав Карагандинской области.

СӘТБАЕВ – ДОСТЫҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Сөзін жазған: Шынболат ДІЛДЕБАЕВ
Әнін жазған: Жақсыкелді СЕЙІЛОВ

Сапырған сары алтын тастардан,
Бәрінде асқақ ән, жақсы арман.
Бақытты байтақ ел достығы
Қаныштың қосынан басталған.

Қайырмасы:
Сары алтын Сарыарқа даласы,
Халқымның кемеңгер данасы.
Әр таңын ән-күймен қарсы алған
Сәтбаев – достықтың қаласы.

Жалынды жүректе сыр қандай,
Шын достық салтанат құрғандай.
Қаланың әр көше, әр үйі
«Сәтбаев» деп жырлап тұрғандай.

Қайырмасы.

Ырыс боп ағылған кеніміз,
Шахтада шыңдалған еріміз.
Қарсы алар құшағын кең жайып,
Сәтбаев – жас қала, келіңіз!

Қайырмасы.



«Біз жаңа заманға сай болу үшін Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы тарихи өрлеу бастауында тұрған біртұтас ұлт болуымыз керек».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

«Чтобы соответствовать новому времени, нам предстоит сплотиться в единую нацию, стоящую на пороге исторического восхождения в условиях Четвертой промышленной революции».

Нурсултан НАЗАРБАЕВ


НҰР ОТАН
KAZAKHSTAN


ЖМЗ






ПРЕЗИДЕНТ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ
ЖМЗ











Ерлан ҚОШАНОВ,
Қарағанды облысының әкімі

Қымбатты сәтбаевтықтар!

Сіздерді халқымыздың біртуар перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілген сүйікті қаламыздың 45 жылдық тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мерейтой – қала тарихының жарқын беттерін парақтаудың, оның елдің өндірістік қуатын нығайтуға, отандық мәдениетті, ғылым мен білімді дамытуға қосқан қомақты үлесін атап өтудің тамаша мүмкіндігі.

Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, ондаған жылдар бойына біздің жерлестеріміздің дарыны мен күш-жігерінің арқасында тау-кен өндірісі кешенінің маңызды кәсіпорындары іске қосылды. Сәулетті қала бой көтеріп, әлеуметтік инфрақұрылым жасақталды. Бұл үдеріс әлі де жалғасын тауып жатыр.

Қайталанбас шығармашылық мұрасымен және еңбектегі қаһармандық сипаты мол жетістіктерімен қаланың мәртебесін өсіріп, бүкіл елдің даңқын асырған аса көрнекті ғалым, Қазақстанның тұңғыш академигі Қ.И. Сәтбаев пен біздің басқа да танымал тұлғаларымыздың есімдері халқымыздың жадында мәңгілікке сақталады.

Біз кеншілер қаласының бай тарихы мен ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан еңбек дәстүрлерін мақтан тұтамыз. Сонымен қатар, бір жерде аялдап қалмай, оны одан әрі дамыту жолындағы тың шешімдер мен жаңа технологияларды іздестірудің тынысын өте жақсы сезінеміз. Қазіргі уақытта Сәтбаев қаласында инвестициялық тартымдылықты арттырудың кең ауқымды мүмкіндіктері бар. Жаңа ықшам аудандар пайда болып, аулалар абаттандырылуда. Мектептер мен балабақшалар салынып, кәсіпкерлік табысты дамып келеді. Ең бастысы, аталған мүмкіндіктердің ойдағыдай жүзеге асырылып, қала тұрғындарының тұрмыстарының жайлы болуына ықпал етуі тиіс.

Құрметті қала тұрғындары! Сіздердің келешекте де ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ғажайып дәстүрлеріңізді көздің қарашығындай сақтап, ілгері бастыра беретіндеріңізге, жалынды жігер, бастамашылдық, мақсаткерлік ұстанымдарыңызбен қаланың, аймақтың, облыстың және бүкіл Қазақстанның қуатты болуы үшін уақыт талабынан туындайтын бірегей міндеттерді оңтайлы шешуге ықпал ететіндеріңізге күмәнсіз сенемін!

Құрметті жерлестер!

Баршаларыңызға денсаулық пен бақ-береке, сәттілік пен мызғымас тұтастық тілеймін! Әр үйде, әр отбасында бейбіт ғұмыр мен ізгілік үстемдік құра берсін!



Бақтияр ҚЫРЫҚПЫШЕВ,
«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС
Басқарушы кеңесінің Бас директоры

Құрметті кеншілер қаласының тұрғындары!

Сіздерді ұлттың қастерлі ұлының есімін еншілеген шаһардың 45 жылдық мерейлі тойымен шынайы пейілмен құттықтаймын!

Кезінде академик Қаныш Сәтбаев «...Бүгінде қолда бар алғашқы деректер Жезқазған ауданын табиғат бір жерде жер қойнауының сан жетпес ауқымдағы байлықтарын жомарттықпен барынша жинаған әлемдегі бірден-бір берекелі тұсы деп есептеуге толық мүмкіндік береді» деген еді. Бүгінгі күні дүние жүзі мойындаған ғұлама ғалымның ғылыми тұрғыда негізделіп, нақты тәжірибемен ұштасқан батыл тұжырымы айнымас ақиқатқа айналғаны белгілі.

Сарыарқа төсіндегі өндірісті өңірде өндірілетін асыл қазына – сары алтындай мыс кені тек Жезқазған-Сәтбаев қалаларының ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның атағы мен даңқын төрткүл дүниеге паш етіп, елдің ырыс-несібесін еселей түсуде. Соның бәрі кеншілердің ерен еңбегінің жемісі.

Өндірістің тұрақты түрде дамуы – өңірді өркендетудің қозғаушы күші, оған қоса, қала тұрғындарының әл-ауқатының арта түсуінің басты кепілі. Тау-кен саласы бойынша әлемдегі ірі компаниялардың бірі – «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС ел Үкіметімен бірлесе қабылданған міндеттер үдесінен үнемі шығып келеді. Олардың алдыңғы қатарында халықтың мүддесін көздейтін әлеуметтік әріптестік мәселесі тұр. Соның нәтижесі кеншілер мекенінің тынысы кеңейе түсуіне даусыз дәнекерлік етуде. Корпорацияның Сәтбаев қаласы аумағында орналасқан кәсіпорындарының күш-қуаты индустриялық жаңғырту жобалары арқылы алдағы уақытта кемелдене түспекші. Демек, қаланың әлеуметтік мазмұндағы әлеуеті артады, тиісінше, тұрғындардың тұрмыс ахуалы бұрынғыдан да жақсаратын болады.

Құрметті қала жұртшылығы және кеншілер қауымы!

Бәріміздің мерейімізді өсірген қала мерейтойында баршаңызға мықты денсаулық, баянды бақыт және бейбіт ғұмыр тілеймін.

Еңбек жетістіктерінің жемісін көріп, әр шаңырақта шаттық үні естіле берсін!

Қуаныш-қызықтарыңыз ешқашан сарқылмасын!



Асқар ЫДЫРЫСОВ,
Сәтбаев қаласының әкімі

Мерейтойға — мерейлі жетістіктермен

Биылғы жылы Сәтбаев қаласы өзінің 45 жылдық мерейтойын атап өтеді. Кезінде 5000 адам мекендеген кент қазір қала мәртебесін иеленіп, тұрғындарының саны 70 мыңға жетті. Бүгінгі күні мұндағы өнеркәсіп, құрылыс, кәсіпкерлік қарқыны мейлінше арта түсуде, тиісінше, тұрғындардың жайлы тұрмысы мен ұрпағын алаңсыз өрбітуі үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалуда.

«Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорындарының тұрақты әрі жүйелі жұмысының нәтижесінде мыс кенін өндіру көлемі ұлғайып, жаңа кеніштер қатарға қосылуда. Бұл өз кезегінде, жаңа жұмыс орындарының ашылып, тұрғындардың еңбекпен қамтылу деңгейінің жоғарылауына, сонымен қатар, бюджетке түсетін қосымша кірістердің көлемі өсуіне негіз қалап отыр.

Құрылыс саласы біздің қаланың экономикалық тұрғыда ілгері басуының тұғырлы әрі тың сипаттағы қозғаушы күшіне айналды. Халықты көшіріп-қондыру бағдарламасы аясында екі мыңға тарта отбасы үшін балаларға арналған заманауи үлгідегі ойын және спорт алаңдары бар қырық көпқабатты үйден тұратын «Нұрлы мекен» шағынауданы бой түзеді.

Бұдан тысқары, былтырғы жылы №8 шағынауданда 214 отбасын баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жаңа коттедж қалашығының, сондай-ақ, №7 шағынаудан аумағында уақыт талабына лайықталған отбасылық үлгідегі екі жатақхананың құрылыс жұмыстары басталды. Бұл нысандар биылғы жылы пайдалануға берілетін болады.

Құрылыс саласында белең алған екпінді үдерісті бәсеңдетпей, биыл №7 шағынауданда 320 орындық балалар бақшасының, №16 орта мектептің жанынан жаңа Оқушылар сарайының құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Бейнелеп айтсақ, кеншілер қаласында құрылыс жұмыстарының дәл осындай көлемде қарқынды жүргізілуі кешегі Кеңес дәуірінде де орын алмаған.

Жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік ғимараттардың жарасымды бой түзеуі – қаланың өсуі мен өркендеуінің айғағы. Осынау көңілге қонымды, көпшілікке жағымды жаңалықтар, тиісінше, тұрғындардың әл-ауқатының артуына, қосымша жұмыс орындарының ашылып, қызмет көрсету саласының одан әрі дамуына, жаңадан кәсіпкерлік нысандарының құрылуы мен қала бюджетінің қоржыны қомақты бола түсуіне игі әсерін тигізеді.

Қаланың экономикалық дамуына қатысты сөз қозғасақ, өндіріс ошақтары мен кәсіпорындарды іске қосу сәтінде біз алғашқы кезекте, кәсіпкерлерді инновациялық шешімдерге бел буып, жаңашыл сипаттағы технологияларды енгізуге бағыттау мақсатын ұстанатынымызды айта кетуіміз керек. Осы талапқа барынша лайықты біршама жобалар ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларында сәтімен іске асырылды. Мәселен, «Ахтямов» ШҚ құс фабрикасында 45 мың тауықты бөлектеп бағуға арналған заманауи қондырғының екі желісі орнатылды. Бұл әрекет өз кезегінде олардан өндірілетін өнім көлемінің есеп артуына негіз қалады. Биылғы жылдың тамыз айында 30 мың тауыққа арналған үшінші желіні, сондай-ақ, құс сою және қоспажем цехтарын іске қосу жоспарда тұр. Межеленген міндеттер орнықты орындалғанда кәсіпорын жобалық қуатына толыққанды енеді. Бұл – жылына 20 млн. дана жұмыртқа деген сөз. Осылайша, аталған құс фабрикасы Жезқазған-Ұлытау өңірі тұрғындарының жұмыртқаға сұранысын 60 пайыздық деңгейде қамтамасыз ететін болады.

Істері ілкімді тағы бір кәсіпорын – өңірге іссапары кезінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев арнайы барып тыныс-тіршілігімен танысқан макарон өнімдерін өндіруші «Ханум» цехы. «Премиум» сыныбына жататын макарон шығаратын оның жобалық қуаты сағатына 200 келі, ал жылына 3000 тонна өнім өндіруге шақталған. Кәсіпорын келешекте өнімділік көлемін арттырып, жоғары сапалы өнімдерін өткізу нарығын Қазақстан аумағында кеңейтуді және шетелдерге шығаруды жоспарлауда.

Бұлардан тысқары, «Эберман» ЖК «Triksat» тоқыма-тігін цехы жобасы, «Устай» ЖК шұжық цехын ұлғайту жобасы, сондай-ақ, «Қаз-ет» ЖК 18 түрлі ет өнімдерін өндіру жобасы өздерінің тартымдылығы және бұрынғыдан да кемелдене түсер қалпымен ерекшеленеді.

Үстіміздегі жылы біз «Минералды және жемісжидек суларын өндіру жөніндегі Сәтбаев зауытын жаңғырту», «Қорғасынды қаңылтыр өндіруді ұйымдастыру», «Полипропилен тұрбаларын өндіру», «Тоқыма шұлықтар өндіру», «Көкөніс сақтау қоймасы бар жылыжай шаруашылығын ұйымдастыру», «Сүтті-тауарлы ферма мен мал бордақылау алаңдарын құру» жобаларын жүзеге асыруды жоспарға енгізіп отырмыз.

Өндірістік және технологиялық кәсіпорындарды құруға тың серпін беру үшін қалада Индустриялық паркті жасақтау жұмыстарын жеделдету шаралары қолға алынады. Соған орай, қазіргі таңда Индустриялық паркке орналастыру мақсатында жобалар тізбегі түзілуде.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуынан басқа бағыттарға да баса назар аударылып келеді. Шаһар шырайлы күйге еніп, тұрғындардың тұрмысы жайлы болуы тиіс. Осынау талап тұрғысынан Шығыс ауданының көшелерін жөндеу және ретке келтіру жұмыстары тұңғыш рет атқарылды. Нәтижесінде 28 көше мен көше бұрылыстарына тасжол жабындысы төселді. Тәуелсіздік даңғылында жаңа гүлзар жасалып, Абай көшесі бойында «Қолөнершілер қалашығы» пайда болды. «Кеншілер даңқы» алаңы қалпына келтіріліп, онда ашық аспан астындағы тау-кен техникалары музейі ашылды. Endігі межe – жабық үлгідегі өлкетану музейін жасақтау.

Спорттық-сауықтыру кешені аумағындағы субұрқағы қайыра жаңғыртылды. Стритбол және стритворкаут алаңқайлары қолданысқа беріліп, жастар қауымы жиі бас қосатын орынға айналды.

Биыл тұрғын үй-коммуналдық саласы бойынша да айтарлықтай ауқымды жоспарларды іске асыру жайы күн тәртібінде тұр. Бұл тұрғыда жаңа шағынауданды ғана емес, сонымен қатар, ескі шағынауандарды да абаттандыру жұмыстарына айрықша көңіл бөлінбекші. Соның аясында 1-ші және 2-ші шағынаудандар толықтай абаттандыру шараларымен қамтылады. Нақтылай түссек,

көлік қою аймақтарымен қоса алғанда барлық жол бөліктеріне тасжол жабындысы төселіп, жаңадан салынатын жабық үлгідегі алаңқайларға еуропалық стандартқа сай қоқыс жинау жәшіктері орнатылады. Егер, бастапқы жоспарға сәйкес, әр жыл сайын осындай жұмыспен 2 шағынауданды қамтып отырсақ, алдағы 5 жылдың ішінде шаһардағы шағынаудандар дерліктей абаттандырылатын болады.

Сәтбаевтың түнгі келбеті биыл бұрынғыдан да ажарлы бола түседі. Себебі, жарықдиодты шырақтар орнату мәселесі оңтайлы шешімін табады. Қалаға кіреберіс көлік жолы үстінен сәндік қондырғы құрылымы бой көтереді.

«Мәңгілік Ел» көшесінің жаяу жүргіншілерге арналған жол бөлігін қайыра жаңғырту, орындықтар мен шағын сәулет мүсіндерін орналастырып, қала тұрғындары бос уақыттарын тиімді өткеретін демалыс аумағына айналдыру көзделіп отыр.

Әлеуметтік саланың әлеуеті де күн санап арта түсуде. Мұз сарайында Инновациялық технологиялардың көрме орталығы ашылды. Онда балалар мен жастар өздерінің ел қызығушылығын тудыратын жобаларын қоя алады. Аталған көрмені мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бәйменов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Майра Айсина, Әлия Назарбаеваның Қоғамдық маңызды бастамаларын дамыту қоры мен БҰҰ Даму қорының өкілдері тамашалады.

«Сәтбаев – жігерлі адамдар қаласы!» ұранымен «Бірге болсақ, жарқынбыз!» атты экологиялық фестиваль өткізіліп, оның барысында 6500 түп ағаш пен тал-шыбық көшеттері отырғызылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сан салалы әрі жан-жақты іргелі істер атқарылып келеді. Айталық, қала әкімдігі, меценаттар мен тәлімгерлер клубының бастамасы бойынша айрықша сұраныстары бар балаларға қолдау көрсету мақсатында өткізілген «Мейірім шуағы» қайырымдылық акциясы елді елең еткізген іс-шара ретінде есте қалды. Акция кезінде оған арнайы шақырылған 45 баланың әрқайсысына 50 мың теңгенің сертификаттары табыс етілді. Ал қоғамның қамқор пейіліне аса мұқтаж ұлан Амантай Ержанға екі бөлмелі пәтердің кілті тапсырылды.

Бағалы бағдарлама аясында, сондай-ақ, тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің жүлдесін сарапқа салған Халықаралық турнир ұйымдастырылды. Ұлттық ойынды дәріптеген сындарлы сайысқа Дүниежүзілік және Қазақстан Республикасы тоғызқұмалақ федерациясының президенті, жерлесіміз Әлихан Бәйменов арнайы келіп қатысты. Өткен жылы жергілікті тұрғындармен Қала күні мерекесінде қауышқан белгілі әнші-продюсер Қыдырәлі Болманов «Нұрбөбек» балабақшасының тәрбиеленушілеріне «Балбала» қуыршақтарын, мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің қызметкерлеріне әдістемелік құралдар сыйлады. Кеншілер шаһарына ұлы ғалым, Қазақстанның алғашқы академигі туралы туындылардың авторы, көрнекті жазушы Медеу Сәрсеке ат басын бұрып, «Сәтбаев сабақтары» кітабының таныстырылымын өткізді.

Қаланың мәдени өмірінде де ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктер жетіп артылады. Былтырғы жылы Шынболат Ділдебаевтың туғанына 80 жыл толуына арналған жас ақындардың республикалық айтысы және жыршы-термешілер арасындағы республикалық байқау ұйымдастырылды. Дүбірлі додаға барлық облыстардың өкілдері, тіпті, Қытайдан келген үміткер де қатысты. Біз бұдан бөлек, Ерден Сандыбайұлы атындағы республикалық деңгейдегі қобызшылар конкурсын екі жыл қатарынан өткіздік. Биылғы жылы конкурс шарттары кеңейтіліп, оған қобызшылардан тысқары, сазсырнай, сыбызғы және жетіген аспаптарында орындаушылар да шақырылды.

Туған өлкенің тылсым тарихын терең зерделеу мақсатында Ұлытау өңірінің қасиетті жерлеріне ұстаздар мен оқушылардың мәдени-тарихи сипаттағы саяхаттары ұйымдастырылуда. Бұл үрдіс толастамақ емес. С. Сейфуллин атындағы гимназияда, №3, 4 және 19 орта мектептерде осы оқу ошақтары түлектерінің қол ұшын созуымен мектеп музейлері ашылды.

Қалада орыс, украин, татар этномәдени орталықтары, сондай-ақ, Балтық жағалауы халықтарының бастамашыл топтары мен кәріс орталығы жұмыс істейді. Олар ұзақ жылдар бойы қаланың қайнаған қоғамдық өміріне белсене араласып, көптеген қалаішілік шаралардың ұйымдастырушысы болып келеді. Алайда этномәдени орталықтар өкілдерінің іс-шаралардан тысқары кездері бас қосып, пікір алмасуларына, тұжырымды ой қортуларына мүмкіндік беретін арнайы бөлінген ғимарат болмаған еді. Мәселе сәтімен шешімін тауып, өткен жылы Рухани келісім күні қарсаңында Достық үйі есігін айқара ашты. Ынтымақ пен бірлік ұясында мәжіліс залы, әдістемелік кабинет, кітапхана, жас буынға ана тілін үйретіп, өз ұлтының мәдениетіне бейімдейтін оқыту сыныбы бар. Қысқасы, жүйелі жұмыс жүргізу үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Достық үйіне, сонымен қатар, шығармашыл зиялы қауымның «Шындық» қоғамдық бірлестігі мен «Аяулым» қоғамдық бірлестігі тарапынан құрылған күрделі өмір жағдайына душар болған әйелдер мен балалардың дағдарыс орталығы да орналасты.

Қала тұрғындарын айрықша қуанышқа кенелткен жайт – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамында «Мәңгілік Ел» монументінің ашылуы болды. Еңселі сәулет құрылымы халықтың рухын оятуға дәнекерлік етіп, қаланың сыртқы келбетіне сән беріп тұр. Келісті кешен бой көтерген Комаров көшесінің аты «Мәңгілік Ел» атауына өзгертілді.

Биылғы қыркүйек айында қаланың 45 жылдық мерейтойына орай өтетін «Қаныш Сәтбаев – тұлға, патриот, ғалым» тақырыбындағы халықаралық симпозиум атақты академиктің есімін ұлықтаумен қатар, шаһардың жалпы қоғамдағы мәртебесін арттыра түсуге дәнекерлік етері күмәнсіз. Ұйымдастырылуы Тәуелсіздік күні қарсаңына жоспарланған II республикалық жас ақындар айтысы да – осы санаттағы іс-шара.

Жалпы алғанда, іркіліссіз ілгері басу бағытындағы жоспарларымыз өте мол. Көкейіміздің төріне қонақтағанның бәрі де – маңызды жобалар. Оларды іске асыру жолында тынбай талаптанып, ерінбей еңбек ете беретін боламыз.




Қаныш Имантайұлы
СӘТБАЕВ

Аса көрнекті геолог-ғалым, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор. КСРО және Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті.



Өмірхан Аймағамбетұлы
БАЙҚОҢЫРОВ


Ұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың шәкірті. Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері.



Әсер Иманғалиұлы
ИМАНҒАЛИЕВ

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Минералдық қорлар академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы.





Николай Илларионович
КОЛБАСОВ

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, гвардия кіші лейтенанты, взвод командирі. Кеңес әскері қатарына шақырылғанға дейін Жезқазған қаласында тұрып, жұмыс істеді. Украинаны азат ету үшін болған соғыста ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Колбасовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Жақсымбек Тілеуұлы
ҮНШІБАЕВ

1941 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылып, Воронеж, Украина майдандарында соғысқа қатысты. Ол – Даңқ орденінің толық қавалері. Майдан даласынан оралған соң Жезқазған кен-металлургия комбинатында азаматтық қорғаныс жөніндегі аға инженер болып қызмет атқарды.



Виктор Константинович
КУРЬЯТОВ

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы. Қиян-кескі ұрыстардың бел ортасында болған. Даңқ орденінің толық қавалері. Соғыстан кейін Қ.И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатында жұмыс істеді.













Мұхит Құлжанұлы БӨПЕЖАНОВ

Тау-кен ісі саласындағы танымал қазақ кеңес инженері, Социалистік Еңбек Ері. Жезқазған кенішінде кезекші инженерден бастап Қазақ КСР Түсті металлургия министрінің бірінші орынбасарына дейінгі қызмет жолдарын өткерген. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



Ғазиз Омарұлы ОМАРОВ

Өндіріс саласының ірі ұйымдастырушысы – кен басқармасының директоры, шахтопроходка тресінің басқарушысы. «Қазақмыс» корпорациясы президентінің тау-кен жұмыстары жөніндегі кеңесшісі. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері.



Виктор Васильевич ГУРБА

Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының директоры. Өндіріс саласының білікті ілігі жоғары ірі ұйымдастырушысы, техника ғылымының кандидаты.

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты.



Демберген БАЙМАҒАМБЕТОВ

Жезқазған шахталарында забойшы, проходкашылар бригадирі, кейіннен кен бұрғылаушы болған. «Мыңшылар қозғалысының» бастамашысы. Еселі еңбек үлгісін танытып, ол басқарған бригада тәулігіне мың тоннадан аса кен өндірілуін қамтамасыз етті. Социалистік Еңбек Ері.











Леонид Петрович ТУЗОВ

Өндіріс ісінің үздігі, Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты кешенді бригадасының бригадирі. Оның басқаруындағы бригада әр жыл сайын өндірістік жоспарды 130-135 пайызға асыра орындап отырған. Социалистік Еңбек Ері.



Федор Григорьевич ЛУКИНСКИЙ

Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты №31, 32 шахталарында тіреушілер бригадасын басқарды. Кен түсірген жерді тіреу ісіне тың жаналықтар енгізді. Нәтижесінде жаңа шахталар мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Социалистік Еңбек Ері.



Қазымхан КЕНТАЕВ

Оңтүстік Жезқазған кеніші №65 шахтасында, кейіннен №44 шахтаның забой тазалау бригадасының бригадирі. Ұзақ жылдар бойы ұжымдық еңбекті ұйымдастырып, жоғары нәтижеге қол жеткізудің ерен үлгісін танытқан майталман маман. Социалистік Еңбек Ері.



Василий Иванович ШТИФАНОВ

Жезқазған геологиялық-барлау экспедициясында 50 жылдан астам еңбек еткен. Қ.И. Сәтбаевтың сенімді серігі әрі ізбасары. Ол мыс кені орындарын барлау партиясының бастығы қызметін атқарды. Қазақ КСР-інің Құрметті геолог-барлаушысы, Социалистік Еңбек Ері.





ПОЧЕТНЫЕ ГРАЖДАНЕ ГОРОДА

1. Сатпаев Каныш Имантаевич
2. Гурба Виктор Васильевич
3. Бупежанов Мухит Кульжанович
4. Дурментаев Тургунбай
5. Ешпанов Далабай
6. Жанжигитов Рахимбек
7. Королько Яков Михайлович
8. Кусаинов Аубакир
9. Расновский Роман Петрович
10. Полтавский Анатолий Семенович
11. Зверинцев Тимофей Анатольевич
12. Баймаганбетов Демберген
13. Даутов Рустем Даутович
14. Джумартбаева Хакима Таировна
15. Исмагулов Турмуханбет
16. Токтамысов Койшибек
17. Исатаева Кульзейнеп Исатаевна
18. Кентаев Касымхан
19. Курьятов Виктор Константинович
20. Козицын Иван Владимирович
21. Лукинский Федор Григорьевич
22. Омаров Газиз Омарович
23. Резников Иван Васильевич
24. Унчибаев Жаксымбек
25. Шпренгель Вячеслав Адольфович
26. Макаров Николай Иванович
27. Ротермель Андрей Христианович
28. Штифанов Василий Иванович
29. Артыгалиева Халима Ахметовна
30. Пугач Тамара Ивановна
31. Хабарова Надежда Николаевна
32. Мамахов Абикен
33. Дильдебаев Шынболат
34. Болигарь Сергей Логинович
35. Амутова Рашида Халиловна
36. Аяпбергенов Бостай Аяпбергенович
37. Янкова Тамара Михайловна
38. Дарибаев Барменше
39. Вахрушев Виталий Васильевич
40. Мукин Иван Петрович
41. Жантасова Балхия Жантасовна
42. Недопольский Геннадий Яковлевич
43. Гиганова Ксения Николаевна
44. Тусупбеков Аккойши Тусупбекович
45. Кожахметова Ажар Токсымбаевна
46. Жаканова Кульзагира Бакеновна
47. Шатохин Геннадий Иванович
48. Канафин Кайролла
49. Салыков Какимбек
50. Малышев Владимир Николаевич
51. Досмагамбетов Абдуали
52. Сафаргалиев Гариф Сафаргалиевич
53. Дакаримова Майя Дакаримовна
54. Уразгалиев Анатолий Алексеевич
55. Жусупов Журтшыбай
56. Болатбеков Саркыт Джангонович
57. Халиков Хамит Салихович
58. Тлеубаев Козганбай Ибраевич
59. Кусаинов Ибен Кусаинович
60. Лавриненко Александр Александрович
61. Косыбаев Мырзатай Косыбаевич
62. Шегирбаев Амирбек Шегирбаевич
63. Бейсенбекова Шабал Бейсенбековна
64. Имангалиев Асер Имангалиевич
65. Цаплин Петр Ефимович
66. Сурков Иван Тихонович
67. Джумагазиева Асия Есенгалиевна
68. Абдикаримова Балдырган Абдикаримовна
69. Популиди Дмитрий Нестерович
70. Кунанбаев Аширбек Кунанбаевич
71. Шустов Николай Гаврилович
72. Аханов Музараф Аханович
73. Тлегенов Кохан Закирьянович
74. Нагаева Ираида Галимжановна
75. Юн Руслан Борисович
76. Кунедилов Жакия Асангазинович
77. Лукьянова Людмила Игнатьевна
78. Аяшев Райымбек Аяшевич
79. Байбосынов Шермухамбет
80. Бекмаганбетова Мауия
81. Ким Владимир Петрович
82. Ли Геннадий Павлович
83. МукашулыСеил
84. Ракутин Леонид Юрьевич
85. Саденова Алия Камешовна
86. Юн Александр Борисович
87. Абишева Базаркуль Абишевна
88. Брылина Антонина Андреевна

89. Даримбетов Нуртай
90. Мукушев Нурлан Раймкулович
91. Оразбеков Биркен
92. Сейтмаганбетов Конакбай
93. Жунусов Нуртлеу Хамзаулы
94. Ибадилдин Жумамади
95. КопейМухамбет Жуманазарулы
96. Орал Серик Колданулы
97. Тулепбергенов Саги
98. Громак Мария Ивановна
99. Асатов Яхия Жакупбекович
100. Лебаев Шамшиден Бегайдарович
101. Балмагамбетов Канат Султанович
102. Нысанбаев Абушахман
103. Аманжолов Акбар
104. Татреев Али Асхабович
105. Асатов Садык Касымович
106. Бердинов Аргимбай Тусупбекович.
107. Жарасбаев Алияр Арыстанович
108. Мунсызбаев Жаик Рамазанович
109. Сагидуллаев Аманбай Сагидуллаевич
110. Сергеев Юрий Анатольевич
111. Соборова Евгения Ивановна
112. Борисов Петр Евгеньевич
113. Аппасова Райхан
114. Баймуханова Галия Жаркеновна
115. Жанасылова Шынар Каппасовна
116. Маймакова Кауя Какимовна
117. Ахметов Шакур Шарипович
118. Батюк Анна Родиновна
119. Дауылбаев Тогай
120. Калиев Кожа
121. Махатов Аблаш Ерденович
122. Соколов Трофим Андреевич
123. Федотов Дмитрий Иосифович
124. Шапкин Алексей Иванович
125. Шепель Иван Кузьмич
126. Артеменко Нина Симоновна
127. Бексеитова Куттыбек Бексеитовна
128. Абильбекова Зейнеп
129. Дюсембаев Аскар Кадыркенович
130. Абдулхаликов Абдулзагид Абдулхаликович
131. Пузанов Владимир Семенович
132. Жумат Махамбет
133. Абдикасова Магура Николаевна
134. Алипбергенов Махмут Касланович
135. Аханов Талгат Музарафович
136. Беланова Галина Федоровна
137. Бигун Лидия Семеновна
138. Ескенов Сатыбалды
139. Кантеева Раушан Умирбековна
140. Керимкулов Кайрат Узакович
141. Кульшикенова Айгуль Жумашевна
142. Кундакбаев Болат Мухамедиевич
143. Логвиненко Галина Яковлевна
144. Мусин Толеубай Камалович
145. Оразбекова Марияш Оразбековна
146. Отарбаев Дюсен Умерзакович
147. Савчук Григорий Гаврилович
148. Суркова Зинаида Тимофеевна
149. Тлеуов Мусен Накипбекович
150. Турлубек Алаш Мыркалович
151. Цой Владимир Леонидович
152. Кожахметов Магзум Омарович
153. Менькова Галина Григорьевна
154. Абикенова Дина Набиевна
155. Дарданбаев Каиртай Матанович
156. Панин Виктор Петрович
157. Бурда Роман Степанович
158. Идрисова Фатима Сахрафовна
159. Несипбаев Амангельды Несипбаевич
160. Тургынбаев Макулбек Мырзагулулы
161. Уалина Кениш Уалиевна
162. Мадиев Каиржан Рахимжанович
163. Бралин Иманбай
164. Кайырбеков Жолтай
165. Жанжигитова Жумакуль Рахимбековна
166. Балтабеков Сатимбек
167. Жумабеков Еркин Тулегенович
168. Апарин Юрий Николаевич
169. Мадиева Марал Сагнаевна
170. Шуктаев Жаксылык Утеубекович
171. Шайкибеков Советбек
172. Ким Владимир Сергеевич
173. Есмурзаева Мбугульсум Пазыловна
174. Капарова Талига Габдулловна
175. Байтоков Козы-Корпеш Тамабаевич
176. Карбозов Жаксыбай
177. Инсебаев Әбутали Өтеғалиұлы
178. Сейілов Сәлімжан Сейдіғалымұлы
179. Тұрлұбек Арман Алашұлы
180. Атабаев Сактаган
181. Крыкпышев Бахтияр Абдрахманович
182. Жаппасбаева Майра Смагуловна

Мәртебелі меймандардың сапары











Визит высокопоставленных лиц















«Мәңгілік Ел» монументі
Монумент «Мәңгілік Ел»









«Қазақмыс» корпорациясы
кәсіпорындары —
қала экономикасының
басты тірегі


Предприятия корпорации
«Казахмыс» —
главная опора
экономики города




Сәтбаевтағы өндіріс алаңы – «Қазақмыс» корпорациясының келешегі мейлінше кемел өнеркәсіп орны, демек, қаланың болашағы зор



Сатпаевская промышленная площадка – одна из самых перспективных в активе корпорации «Казахмыс», а значит, за городом – будущее




СОАТҰСТІК ЖЕЗКАЗҒАН КЕНІШІ




РУДНИК
БАТЫС
КЕНІШІ




KAZAKHMYS
CORPORATION




ЖАСЫСЫН
ХАНАРҒАН
КАЗАҚМЫС




980G CAT


30


КАЗАКМЫС
КОРПОРАЦИЯСЫ
СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ
ДАРИС








206

























KAZAKHMYS














К НАСОСА ПОСЛЕ РЕ-
ТА ПРОИЗВОДИТЬ В
ЛЕУТСТВИИ МАСТЕРА
И БРИГАДИРА УЧАСТКА



Құрылыстың қарқынды жүргізілуі — қала дамуының негізгі көрсеткіші

Интенсивное ведение строительства — основной показатель развития города







«Нұрлы мекен» жаңа шағынауданы – кеншілердің құтты қонысы

Новый микрорайон «Нурлы мекен» – очаг счастья горняков













Тұрғындардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ету мақсатында қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту және абаттандыру бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда



С целью создания комфортных условий для проживания горожан значительная работа проводится по развитию жилищно-коммунального хозяйства и благоустройству города







Кәсіпкерлік саласындағы
соңы серпін —
даму кепілі

Новый рывок в сфере
предпринимательства —
гарант развития

«Ютария ltd» ЖШС индустриялық-технологиялық орталығы
қыз-келіншектер үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік тудырды

Индустриально-технологический центр ТОО «Ютария ltd»
позволил создать новые рабочие места для женщин

«Ханум» макарон цехы облыс бойынша үздіктер қатарында



Макаронный цех «Ханум» в числе лучших по области

Тау-кен шахталық және байыту қондырғыларына қосалқы бөлшектер шығару жөніндегі жаңа механикалық цехтың ашылуы



Открытие нового механического цеха по выпуску запасных частей для горношахтного и обогатительного оборудования

«Ахтямов» ШҚ құс фабрикасы Жезқазған аймағының жұмыртқаға сұранысын 60 пайызға қамтамасыз етеді



Птицефабрика КХ «Ахтямов» обеспечивает население всего Жезказганского региона яйцом на 60 процентов



Жаңа шағын және орта бизнес нысандарының ашылуы



Открытие новых объектов малого и среднего бизнеса









«TrikSat» – тоқыма өнімдерін өндіретін тиімді жоба



«TrikSat» – эффективный проект по производству трикотажных изделий









Жеңіс саябағында жазғы бассейн қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді

В парке Победы восстановлен и введен в эксплуатацию летний бассейн



Жаңа «Ұлытау» қонақ үй кешені – Қала күніне тарту

Новый гостиничный комплекс «Улытау» стал подарком ко Дню города








Тәні саудың — жаны сау

В здоровом теле — здоровый дух













Қалалық орталық ауруханаға алынған заманауи құрал-жабдықтар медициналық қызмет көрсету сапасын арттыра түсті

Новое современное оборудование полученное центральной городской больницой повысило качество оказания медицинских услуг














Жаңа «Жедел жәрдем» көліктері іске кірісті

Новые машины «Скорой помощи» вышли на линию














Городок здоровья «Денсаулық»

Білімі терең жас ұрпақ —
ел келешегі

Образованное молодое поколение —
будущее страны

Білім күні «Нұрлы мекен» шағынауданындағы жаңа мектеп есіктерін айқара ашты

В День знаний свои двери распахнула новая школа в микрорайоне «Нұрлы мекен»



«Соңғы қоңырау»
мерекесі

Праздник
«Последнего звонка»





Әлихан Бәйменов
инновациялық технологиялар
көрмесінде

Алихан Байменов
на выставке инновационных
технологий






здің болашағы!












Абай атындағы №4 мектеп-лицейде БҰҰДБ/ЖЭҚ «ҚР тиімді энергиямен жарықтандыруды ілгері бастыру» жобасы іс-қимылы аясында көкөніс өнімдерін өсіруге арналған «Жылыжайларды фитодиодты жарықтандыру» сынама-жобасы жүзеге асырылуда

В школе-лицее №4 им. Абая в рамках деятельности проекта ПРООН/ГЭФ «Продвижение энергоэффективного освещения РК» осуществляется пилотный проект «Фитодиодное освещение для теплиц» для выращивания овощной продукции




















Книга
знаний


CHICAGO
34


АБАЙ ОҚУЛАРЫ
Өзге ұлт оқушылары арасындағы «Абай оқулары» зияткерлік байқауы


ҚОШ КЕЛДІҢІЗ 2017






ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ


DIPLOMA


DIPLOMA


DIPLOMA


БАЛАЛАР
АЛАҢЫ
ENERJİM
ANNEM'den
ALIYORUM
Rakuten








КЕНШІЛЕР САРАЙЫ












ІЗДІҢ БАСТЫ ҚАЗ АМЫЗ!


СӘТБАЕВ ИНДУСТРИАЛДЫҚ КОЛЛЕДЖІ
Ұлыстың ұлы күні -
Наурыз мейрамы құтты болсын!

Мәдениет — ұлт
руханиятының мәйегі

Культура — духовная
ценность нации


Туған күніңмен Астанам!
С Днем рождения Астана!
АСТАНА
15 лет


ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАН






С днем
столицы!



Қаламгер Медеу Сәрсекенің
жаңа кітаптарының таныстырылымы

Презентация новых книг писателя
Медеу Сарсеке










Қазақстан республикасы
Тұңғыш президенті күніне арналған
ХАЛЫҚ ӘРТІСІ, ҰЛЫ САЗГЕР
Шәмші Қалдаяқов
әндерін орындаушылардың аймақтық
фестивалі


ЕРДЕН САНДЫБАЙҰЛЫ атындағы
II Республикалық
ҚОБЫЗШЫЛАР
конкурс
ДИПЛОМ
СЫЙЛЫҚ
СЕРТИФИКАТЫ
75 00
жетпіс бес мың
СЫЙЛЫҚ
СЕРТИФИКАТЫ
1000 000
бір миллион теңге


Рухани жаңғыру бағдарламасы
аясында Алматы қаласының
20 жылдығы, Отбасы қаласының
45 жылдығына орай
Достар
дауысы
ашық вокал байқауы



Жаңа «Ақындар мен сазгерлер аллеясы» – шығармашыл тұлғалар шабытының қайнары

Новая «Аллея акынов и сазгеров» – вдохновения творческих людей



Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қашанда азаматтық белсенділігімен танымал

Представители неправительственных организаций всегда проявляют гражданскую активность



Қалалық «Шарайна» газетінің ұжымы

Коллектив городской газеты «Шарайна»





Қалаға 45 жыл толарда жаңа «Aqsham» телеарнасы ашылды

В год 45-летия города был открыт новый телеканал «Aqsham»






АИТЫС




АИТЫС


ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНДЕГІ
ҰЛЫ БАСТАУЛАР
АИТЫС
СЕРТИФИКАТ
150 000 ₸


АИТЫС


ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНДЕГІ
ҰЛЫ БАСТАУЛАР
АИТЫС
СЕРТИФИКАТ
I ОРЫН
100 000 ₸
СЕРТИФИКАТ
БАС ЖҮЛДЕ
150 000







Шынболат Ділдебаевтың 80-жылдығына арналған жыршы-термешілердің I республикалық байқауы

I республиканский конкурс жыршы-термеші, посвященный 80-летию Ш. Дильдебаева









Әз Наурыз – жаңғыру мейрамы




Наурыз – праздник обновления










Балмағамбет Балқыбайұлы атындағы қалалық мешіт



Свято-Никольский храм

Бір халық – Бір ел – Бір тағдыр
Один народ – Одна страна – Одна судьба



































Открытие
Дома дружбы дало
новый импульс
деятельности
этнокультурных
объединений

Жаңадан ашылған
Достық үйі этномәдени
бірлестіктердің іс-қимылына
соны серпін берді







Ерекше сұраныстары
бар балаларды
қолдауға арналған
«Мейірім шуағы»
қайырымдылық
акциясы

Благотворительная
акция
«Мейірім шуағы»
в поддержку
детей с особыми
потребностями

















Ұлы Жеңіс
күні –
ел жадында








День Великой
Победы
в памяти
народа










«Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев пен Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов коворкинг-орталықтың қызметімен танысты

Первый заместитель Председателя партии «Нұр Отан» Маулен Ашимбаев и аким Карагандинской области Ерлан Кошанов ознакомились с работой коворкинг-центра





Халықаралық Түркі академиясы (TWESCO) ұйымдастырған «Кентайдан Ұлытауға дейін: тарихи жадының жаңғыруы» III Халықаралық экспедициясы

III Международная экспедиция «Кентайдан Ұлытауға дейін: тарихи жадының жаңғыруы» организованная Международной Тюркской академией (TWESCO)

























«Қолөнер шеберлері қалашығы – қаланың мәдени өміріндегі жағымды жаңалық

«Городок ремесленников» – яркое событие в культурной жизни города









«Біргеміз – жарқынбыз» республикалық экологиялық фестивалі аясындағы «Сәтбаев – жігерлі адамдар қаласы» ұранымен өткен акция

Акция под девизом «Сатпаев – город энергичных людей» в рамках республиканского экологического фестиваля «Вместе ярче!»

Энергияны үнемдеу және қалалардың тұрақты дамуы жөніндегі республикалық форум. Оның басты оқиғасы «Энергияны үнемдеу және қалалардың тұрақты дамуының мүмкіндіктері мен келешегі» тақырыбындағы конференция болды.





Республиканский форум по энергосбережению и устойчивому развитию городов. Главным событием стала конференция на тему «Возможности и перспективы политики энергосбережения и устойчивого развития городов»

Тау-кен техникалары көрме жәдігерлері ретінде қойылған ашық аспан астындағы музей





Музей под открытым небом, где представлены выставочные экспонаты горной техники





Сәтбаев — саңлақ спортшылар қаласы

Сатпаев — город знатных спортсменов



Жезқазған кентінің символы – бала пілдер «Қазақстан» спорттық-сауықтыру кешенінің аумағына қоныс аударды



Символ пос. Жезказган - слоники благополучно переехали на территорию спортивно-оздоровительного комплекса «Қазақстан»



Бұл субұрқақ қала тұрғындарының жиі келетін демалыс орнына айналған

Популярным среди горожан местом отдыха является расположенный здесь фонтан

Стритбол және стритворкаут алаңдарының ашылуы – қала спортының тың жаңалығы

Открытие площадок стритбола и стритворкаута – новшество в спортивной жизни города











Қоғам қайраткері Мұхамбет Көпеевтің жүлдесіне арналған дәстүрлі шахмат турнирі өз алаңында аймақтағы мықты спортшылардың басын қосады

Традиционный шахматный турнир на призы общественного деятеля Мухамбета Копеева объединяет на своей площадке сильнейших спортсменов региона



Тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне арналған Халықаралық турнир

Международный турнир по тогызкумалаку на Кубок Президента Республики Казахстан




Rio2016
Сәнбібек қаласының мәдениет және спорт басқармасының
КАШАҒУТДИНОВА РИММА
Рио-де-Жанейро қаласында өткен
Жазғы олимпиада ойындарының



Спорттағы серпіліс қаланың даңқын арттырады



Спортивное движение преумножает славу города









СӘТБАЕВ ВАЛЬСІ

Сөзін жазған: Мәуия Бекмағанбетова
Әнін жазған: Нұрлан Керімбеков

Ғасырлар сырын жасырған,
Қойнауы қазына тасыған.
Байлығын тауып танытқан
Қаныштай ұлы данышпан.

Қайырмасы:
Сандуғаш сайраған әнді өлкем,
Әлемді таңдантқан кенді өлкем.
Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем,
Сәтбаев қаласы мәңгі көркем.

Өтеді өзіңде мерекем,
Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем.
Әлемді таңдантқан кенді өлкем,
Тасысын әрдайым берекең!

Қиындықпен күрескен,
Даласын сүйген сеніммен.
Бақытқа бөлейді ол елін
Ашып кеткен кенімен.

Қайырмасы.

Аңсаған асыл арманың
Жалғайды, аға, ұрпағың.
Өмір жолы – өнеге,
Жұлдызы Сарыарқаның.

Қайырмасы.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)
Ш 18

Шырайлы шаһар – СӘТБАЕВ

Құрастырушы және жауапты редакторы
Ахат Құрмансейітов

ISBN 978-601-7875-11-4

Кітап-альбомға Сәтбаев қала әкімдігі аппараты, қалалық мәслихат, «Қазақмыс» корпорациясы баспасөз қызметінің, қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің, қалалық мемлекеттік архивінің, қалалық «Шарайна» газетінің, «Сәт-Медиа» ЖШС-нің, журналист-фотосуретші Нұрия Ілиясованың және құрастырушының жеке қорынан алынған фотосуреттер пайдаланылды.

Редакторы Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы Ақбота Жан
Көркемдеуші редакторы Ақмарал Ермекқызы
Корректоры Бекасыл Жақсылық
Компьютерде беттеген Маржан Абсалықова

Басуға 05.09.18 қол қойылды.
Қағазы борлы. Цифрлық басылыс.
Шартты баспа табағы 17,5.
Тапсырыс №28. Таралымы 100 дана.

«Кәусар» баспасы
010000, Астана қаласы
Тел.: 8 776 198 63 51, 8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96